

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасында Жануарлардың саулығы мен карантині саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 мамырдағы N 534 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы Жануарлардың саулығы мен карантині саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ахметжан Смағұлұлы Есімовке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасында Жануарлардың саулығы мен карантині саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы Мал дәрігерлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 қарашадағы N 1760 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы Жануарлардың саулығы мен карантині саласындағы ынтымақтастық туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі,

жануарлардың саулығы мен карантині саласындағы ынтымақтастықты нығайту, өз мемлекеттерінің аумақтарында/аумақтарынан инфекциялық және/немесе паразитарлық аурулардың жайылуын немесе таралуын болдырмау, ауыл шаруашылығы қауіпсіздігін, сондай-ақ адам денсаулығын қорғау мақсатында,

мына төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Осы Келісімдегі мынадай терминдердің төменде келтірілгендей мәні бар:

1. Жануарлар - үй және жабайы жануарлар, оның ішінде ірі қара мал, қойлар мен ешкілер, шошқалар, жылқылар, түйелер, будандастырудан алынған шатыс малдар, үй құстары, жабайы жануарлар, балықтар, жібек құрттар, аралар, үй аңдары және з е р т х а н а л ы қ ж а н у а р л а р .

2. Мал шаруашылығы өнімдері - паразиттердің жайылу немесе таралу қатерін туындатуы мүмкін өнеркәсіптік те, өнеркәсіптік емес те өндірістің мал өнімдері және мал азықтары құрамында болатын немесе қайта өңдеу процесіне қосылған мал өнімдері .

3. Жануарлардың генетикалық материалы - жануарлардың жас немесе мұздатылған спермасы, жас немесе мұздатылған эмбрион және жануарларды көбейту үшін пайдаланылатын кез келген басқа да биоөнімдер.

4. Жануарлардың карантині жөніндегі сертификат немесе малдәрігерлік санитария жөніндегі сертификаттар - Халықаралық эпизоотиялық бюроның (ХЭБ) сертификаттарының үлгілері бойынша дайындалған сертификаттар.

5. Патогендік таратушылар - жануарлардың генетикалық материалдары, мал шаруашылығы өнімдері, мал азықтары, сондай-ақ басқа да тауарлар, бұйымдар, тасымалдау құралдары, орама материалдар және контейнерлер.

## 2-бап

Тараптар жануарларды, жануарлардың генетикалық материалдарын, мал шаруашылығы өнімдерін, мал азықтарын, сондай-ақ басқа да тауарларды, бұйымдарды, тасымалдау құралдарын, орама материалдарын және контейнерлерді импорттау, экспорттау немесе транзиттеу нәтижесінде бір Тарап мемлекетінің аумағынан басқа Тарап мемлекетінің аумағына инфекциялық және/немесе жұқпалы немесе паразитарлық аурулардың жайылуын болдырмауда өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес ынтымақтасатын болады.

## 3-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің уәкілетті органдарына патогендік таратушылар болуы мүмкін жануарларды, жануарлардың генетикалық материалдарын, мал шаруашылығы өнімдерін, мал азықтарын, сондай-ақ басқа да тауарларды, бұйымдарды, тасымалдау құралдарын, орама материалдарын және контейнерлерді импорттау, экспорттау немесе транзиттеу кезінде карантинге және жануарлар саулығына қойылатын талаптар жөніндегі хаттамаларды талқылау мен оларға қол қою, жануарлардың карантині жөніндегі тиісті сертификаттардың немесе малдәрігерлік санитария жөніндегі

сертификаттардың үлгілерін бекіту және олармен алмасу құқығын береді.

Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары қол қойған тиісті хаттамалар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылады.

#### **4-бап**

Бір Тарап мемлекетінің аумағынан басқа Тарап мемлекетінің аумағына енгізілген патогендік таратушылар болуы мүмкін тауарларды немесе бұйымдарды бақылау импорттаушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес, Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары қол қойған жануарлардың карантині мен саулығына қойылатын талаптар жөніндегі тиісті хаттамалармен жүзеге асырылатын болады және экспорттаушы Тараптың ресми мал дәрігері берген жануарлар карантинінің түпнұсқа сертификатымен немесе малдәрігерлік санитария сертификатымен бірге алып жүріледі. Мұндай сертификат ағылшын және экспорттаушы Тараптың ресми тілінде басылады.

#### **5-бап**

М ы н а л а р :

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрілігі ;

Қытай тарапынан - Қытай Халық Республикасының Ауыл шаруашылығы министрілігі ;

Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік сапаны бақылау, инспекция және карантин жөніндегі Бас Әкімшілігі Тараптар мемлекеттерінің осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдары болып табылады.

#### **6-бап**

Әрбір Тараптың басқа Тарап мемлекетінің аумағынан импортталатын тірі жануарларды, жануарлардың генетикалық материалдарын, мал шаруашылығы өнімдерін, мал азықтарын және басқа да карантиндік объектілерді карантиндік инспекциялауды өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес жүргізуге құқығы бар. Әрбір Тараптың анықталған тауарларды карантиндік өңдеуге құқығы бар.

Әрбір Тарап заңдарға, жануарлардың карантині мен саулығының қағидаларына, ережелеріне немесе осы Келісімнің тиісті баптарына сәйкес келмейтін патогендік карантиндік объектілер және басқа да паразиттер анықталған кезде ол туралы басқа Тарапқа дереу хабарлайды.

#### **7-бап**

Тараптар жануарлар карантині мен саулығы саласындағы әкімшілендіру, ғылым және технология, ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі ынтымақтастыққа:

а) аурулардың атауларын, ауру жұқтырған жануарлардың тұқымын, санын, залалданған жерлерді, диагнозды және тиісті бақылау жөніндегі қабылданған шараларды қоса алғанда өз мемлекеттерінің аумақтарында туындаған, ХЭБ "А" парағында анықталған жануарлардың жұқпалы ауруларының егжей-тегжейі туралы бір-біріне дереу ақпарат беріп отыру. Вирус пайда болған жағдайда сондай-ақ вирустың типі көрсетілуге тиіс;

б) жануарлардың аурулары бойынша ай сайынғы есептермен алмасу және өз мемлекеттерінің аумақтарында туындаған, ХЭБ "Б" парағында белгіленген жануарлардың жұқпалы және/немесе паразитарлық аурулары жөнінде бір-біріне ақпарат беріп отыру;

в) ХЭБ "А" парағында белгіленген және көрші елдерде туындаған жануарлардың жұқпалы ауруларының өз елдеріне жайылуын болдырмау үшін қабылданған бақылау шаралары жөнінде бір-біріне ақпарат беріп отыру;

г) олардың орталық карантиндік немесе мал дәрігерлік әкімшіліктерімен осы саланың менеджментінде тәжірибе алмасу бойынша ынтымақтасу;

д) карантиндік және мал дәрігерлік жетістіктермен, семинарлар немесе басқа да шаралар арқылы академиялық алмасу;

ж) жануарлардың карантині және мал дәрігерлік медицина жөніндегі заңдар, ережелер, журналдар мен мал дәрігерлік медицина бойынша басқа да тиісті жарияланымдар туралы ақпарат алмасу жолымен ықпал ететін болады.

## **8-бап**

Осы Келісімді жүзеге асыруға байланысты шығыстарды Тараптар дербес көтереді.

## **9-бап**

Осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану жөнінде даулар туындаған жағдайда Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары оларды келіссөздер мен консультациялар жолымен шешетін болады.

## **10-бап**

Осы Келісім Тараптардың олар қатысушы болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## **11-бап**

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады. Егер Тараптардың бір де біреуі бесжылдық кезеңнің аяқталуынан алты ай бұрын басқа Тарапқа оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша түрде хабарламаса, осы Келісім келесі бесжылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

Мұндай жағдайда осы Келісім Тараптардың біреуі басқа Тараптың жазбаша хабарламасын алғаннан кейін алты айдан соң өз қолданысын тоқтатады.

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

200\_ жылы " \_\_ " \_\_\_\_\_ әрқайсысы қазақ, қытай, орыс және ағылшын тілдерінде түпнұсқа екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндер бірдей.

*Қазақстан Республикасының* *Қытай Халық Республикасының*  
*Үкіметі үшін* *Үкіметі үшін*